ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 13 маусым № 4360-23-00-2/1074 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Рустем» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рүстем Серікұлы Дүйсеманов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Рустем» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рүстем Серікұлы Дүйсемановқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Рустем» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рүстем Серікұлы Дүйсеманов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Рустем» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рүстем Серікұлы Дүйсемановтан талап қоюшы пайдасына 2 871(екі мың сегіз жүз жетпіс бір) теңге тұрақсыздық айыбы және 86 (сексен алтя) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Рустем» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рүстем Серікұлы Дүйсемановтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 13.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Әбілқайысқызы А., 31.07.2023

4360-23-3-1/1148